

## Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру тұжырымдамасы туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 7 шешімі.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Шешім 01.06.2016 ж. қолданысқа енгізіледі - Еуразиялық экономикалық Одақтың сайты**

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 83-бабының 2-тармағына және 104-бабының 4-тармағына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру тұжырымдамасы бекітілсін.

### Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

|                 |                 |                 |                 |                |
|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|----------------|
| Армения         | Беларусь        | Қазақстан       | Қырғыз          | Ресей          |
| Республикасынан | Республикасынан | Республикасынан | Республикасынан | Федерациясынан |

Жоғары Еуразиялық  
экономикалық кеңестің  
2016 жылғы 31 мамырдағы  
№ 7 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

### I. Жалпы ережелер

Осы Тұжырымдама 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 83-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

Осы Тұжырымдама Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ):

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасындағы өзара газ саудасын;

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушыларға тиесілі және газ тасымалдау жүйелері арқылы Одақтың ортақ газ нарығындағы тұтынушыларға газ жеткізуге арналған, газ тасымалдауды көздейтін Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру Одақ шеңберінде экономикалық интеграцияның ажырамас бөлігі болып табылады және мүше мемлекеттердің арасында

тауарлардың, қызметтер көрсетудің, технологиялардың және капиталдардың еркін қозғалысы үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған.

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру:

халықаралық шарттарда айқындалған мүше мемлекеттердің міндеттемелерін;  
мүше мемлекеттердің газ нарықтарының жұмыс істеу мен даму ерекшеліктерін;  
мемлекеттердің газына ішкі қажеттіліктерді бірінші кезекте қамтамасыз етуді;  
мүше мемлекеттердің заңнамасын;

ортақ газ нарықтарын қалыптастырудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып, жүзеге асырылады.

## **II. Анықтамалар**

Осы Тұжырымдаманың мақсаттары үшін келесіні білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"газға ішкі қажеттіліктер" - мүше мемлекеттердің әрқайсысының аумағында тұтыну үшін қажетті газ көлемі;

"мүше мемлекеттің ішкі газ нарығы" - мүше мемлекеттің аумағында мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес газ тасымалдау және жеткізу саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауда-экономикалық қатынастарының жиынтығы;

"газ" - негізінен метаннан тұратын, газ тасымалы жүйелері арқылы сығылған газ тәріздес күйде тасымалданатын газ тәріздес көмірсутектердің және басқа газдардың жанғыш қоспасы;

"газ тасымалы жүйелері" - магистральдық газ құбырларын қамтитын газ тасымалдауға арналған құрылыстар мен газ тарату желілерінен басқа, олармен бірыңғай технологиялық процеспен байланысты объектілер;

"газ тасымалдау жүйелеріне қол жеткізу" - газ тасымалдау үшін мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілері басқаратын газ тасымалы жүйелерін пайдалану құқығын беру;

"инфрақұрылымдық ұйымдар" - мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің операторлары және биржа саудасының операторлары;

"мүше мемлекеттердің арасында газ тасымалдау және жеткізу" - бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына газ тасымалдау және жеткізу;

"Одақтың ортақ газ нарығы" - мүше мемлекеттердің арасында газ тасымалдау және жеткізу саласындағы мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің сауда-экономикалық қатынастарының жиынтығы;

"биржа саудасының операторы" - мүше мемлекеттің аумағында газды биржалық көтерме бағамен жүзеге асыру жөніндегі қызметтер көрсететін және мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің операторларымен

өзара іс-қимыл арқылы осы сауда жүзеге асырылған кезде жасалған шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін заңды тұлға;

"газ тасымалы жүйесінің операторы" - газ тасымалы жүйесінің меншік иесі болып табылатын немесе өзге заңды негізде газ тасымалы жүйесіне иелік ететін және газ тасымалы жүйесін жедел-диспетчерлік басқаруды, газ тасымалы жүйесі арқылы газ тасымалдауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

"газ жеткізу" - тиісті шартта белгіленген жағдайларда газ жеткізушіден газ тұтынушыға газ беру;

"газ жеткізуші" - мүше мемлекеттердің аумақтарында газ жеткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

"газ тұтынушы" - мүше мемлекеттің аумағында тіркелген және өзіндік, өндірістік немесе өзге де шаруашылық қажеттіліктер үшін газ сатып алатын заңды тұлға;

"бос қуаттар" - мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай қағидаларына сәйкес айқындалатын мүше мемлекеттердің магистральдық газ құбырларының технологиялық ықтимал бос қуаттары;

"Одақтың ортақ газ нарығының субъектілері" - Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар және Одақтың ортақ газ нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық ұйымдар;

"газ тасымалдау" - газ тасымалы жүйесі арқылы газ қабылдау пунктінен тапсыру немесе беру пунктіне дейін газдың өткізілуі;

"газ тасымалдау жөніндегі қызметтер" - газ тасымалы жүйелері арқылы газ өткізу жөніндегі қызметтер;

"Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар" - мүше мемлекеттердің аумақтарында тіркелген және қажет болған кезде мүше мемлекет Одақтың ортақ газ нарығына газ жеткізуге және (немесе) сатып алуға уәкілеттік берген газ жеткізушілер мен газ тұтынушылар.

Осы Тұжырымдамадағы өзге ұғымдар Шартта айқындалған мағыналарда пайдаланылады.

### **III. Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру мақсаттары, қағидаттары және міндеттері**

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастырудың негізгі мақсаттары:

мүше мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру;

мүше мемлекеттердің аумақтарында газ тұтынушыларды газбен жабдықтау сенімділігін, қолжетімділігін және сапасын арттыру;

мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан газ тасымалы жүйелерін экономикалық тиімді пайдалануды арттыру болып табылады.

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру Шарттың 79-бабының 1-тармағында көрсетілген энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарын қалыптастырудың негізгі қағидаттарына және баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, Газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне қол жеткізу қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 22 қосымша) 3-тармағында көрсетілген Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастырудың негізгі қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру мүше мемлекеттердің ішкі нарықтарын дамытуға негізделеді және мыналарды көздейді:

Осы мүше мемлекеттің аумағында, басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында және қажет болған кезде үшінші мемлекеттердің аумақтарында өндірілетін және (немесе) сатып алынатын газ ресурстарының есебінен мүше мемлекеттің газға ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету, бұл ретте газ сату көлемдері, бағасы және оны тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтер және газ тасымалдаудың өзге де талаптары мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында азаматтық-құқықтық шарттарда айқындалады;

мүше мемлекеттің экономикалық немесе энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнген жағдайда мүше мемлекеттің ішкі газ нарығында қажетті реттеуші шараларды қабылдауға мүше мемлекеттің құқығы.

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру мынадай негізгі міндеттерді шешуді талап етеді:

Одақтың ортақ газ нарығына газ жеткізу саласында Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасында адал бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

Одақтың ортақ газ нарығындағы газға қатысты баға белгілеудің нарықтық тетіктеріне өту;

ұлттық валюталарды газ есептеуде пайдалану мәселелерін қарау;

бірлескен шараларды қоса алғанда, мүше мемлекеттердің газ тасымалы жүйелерін дамытуға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдай жасау;

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасында мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және мүше мемлекеттердің арасында газ тасымалдау үшін пайдаланылатын бос қуаттарды мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай қағидаларына сәйкес кемсітушіліксіз және ашық бөлу;

мүше мемлекеттердің газына арналған нормалар мен стандарттарды және мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің жұмыс істеуін регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттарды біріздендіру;

газды ішкі тұтыну туралы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумақтарына газ тасымалдау және жеткізу салаларында баға белгілеу, оның ішінде газдың көтерме

бағасы, газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдауға тарифтер туралы мәліметті қамтитын ақпарат негізінде ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету.

#### **IV. Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру кезеңдері**

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру Шарттың 83 және 104-баптарында көзделген Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасының іс-шараларын орындау арқылы 3 кезеңде жүзеге асырылады.

Кезекті кезеңге өту туралы және оның мазмұны туралы шешімдерді мүше мемлекеттердің келісілген ұсыныстарының негізінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қабылдайды.

Бірінші кезең (2020 жылға дейін) мынадай негізгі міндеттерді шешумен сипатталады:

мүше мемлекеттердің Одақтың ортақ газ нарығын реттеу саласындағы заңнамасын үйлестіру;

мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің бос қуаттары туралы ақпараттың қолжетімділігі мен оны толық ашуды қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттердің газына арналған нормалар мен стандарттарды және мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің жұмыс істеуін регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттарды біріздендіру;

газды ішкі тұтыну туралы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумақтарына газ тасымалдау және жеткізу салаларында баға белгілеу, оның ішінде газдың көтерме бағасы, газ тасымалы жүйелері арқылы газ тасымалдауға тарифтер туралы мәліметті қамтитын ақпарат негізінде ақпараттық алмасу жүйесін құру;

мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелеріне қолжетімділіктің бірыңғай қағидаларын әзірлеу және келісу;

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілген Одақтың ортақ газ нарығында биржалық газ саудасын жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

Одақ газының индикативтік (болжамдық) балансын қалыптастыру;

мүше мемлекеттердің арасында газ тасымалдау кезінде инфрақұрылымдық шектеулерді айқындау және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Екінші кезең (2021 жылға дейін) мынадай міндеттерді шешумен сипатталады:

Одақ аумағында газ саудасы жүзеге асырылуы мүмкін бір немесе бірнеше тауар биржаларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылардың мүше мемлекеттердің тауар биржаларында биржалық газ саудасына кемсітушіліксіз қол жеткізілуін қамтамасыз ету ;

Одақ газының келісілген индикативтік (болжамдық) балансын есепке алғанда, мүше мемлекеттердің арасында газ тасымалдау және жеткізу мақсатында Одақтың ортақ газ

нарығына қатысушылардың мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету;

әртүрлі тетіктерді, оның ішінде мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің қуаттарын дамыту үшін газ жеткізушілер мен газ тұтынушылардың ұзақ мерзімді өтінімдерін пайдалану;

Одақтың ортақ газ нарығында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің инвестициялық белсенділігін ұлғайту, оның ішінде бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы;

мүше мемлекеттер өзара бәсекелес немесе әлеуетті бәсекелес болуы мүмкін жеткізу бағыттары бойынша үшінші мемлекеттерге газ тасымалдау және жеткізу мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің консультацияларын өткізу.

Үшінші кезең (2025 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей) мынадай негізгі белгілермен сипатталады:

Одақ шеңберінде Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарттың күшіне енуі;

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасындағы тікелей шарттар бойынша немесе сауда биржаларында сатып алынған газды талап етілген көлемдер мен бағыттарда бос жеткізуді қамтамасыз ету;

Одақтың ортақ газ нарығында газ сатудың коммерциялық рентабелділігін қамтамасыз ететін нарықтық бағаны ұстап тұру;

мүше мемлекеттердің мүше мемлекеттердің аумақтарында газдың тең кірісті бағасына өту туралы келісілген шешімін қабылдау.

## **V. Одақтың ортақ газ нарығында газ саудасының құрылымы**

Одақтың ортақ газ нарығында газ саудасы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасында газ жеткізуге тікелей шарттар жасасу;

биржа саудасын өткізу.

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасында газ жеткізуге тікелей шарттар жасасу кезінде шарттардың тараптары мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің операторларымен техникалық мүмкіндіктер мен газ тасымалдау талаптарын келіседі.

Газбен биржа саудасын Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар мүше мемлекеттердің тауар биржаларында жүзеге асырады, сондай-ақ Одақтың халықаралық биржасында (құрылған жағдайда) жүзеге асыруы мүмкін. Одақтың халықаралық биржасын құру қажеттілігі мен талаптарын мүше мемлекеттер айқындайды.

Мүше мемлекет мүше мемлекеттердің тауар биржаларында газбен биржа саудасын жүзеге асыру орындылығын, сондай-ақ газбен биржа саудасы жүзеге асырылуы мүмкін мүше мемлекеттердің тауар биржаларының санын айқындайды.

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылардың Одақтың ортақ газ нарығында газбен биржа саудасына қолжетімділіктің түрлі құқығы бар.

Одақтың ортақ газ нарығында газбен биржа саудасы:

газ жеткізудің түрлі мерзімдерімен газдың физикалық көлемдерімен сауданы;

газ жеткізу саласында туынды қаржылық құралдармен сауданы қамтиды.

Мүше мемлекеттерде газбен биржа саудасы мүше мемлекеттің уәкілетті органдарымен келісілген Одақтың ортақ газ нарығында газбен биржа саудасын жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Биржа саудасы операторлары мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің операторларымен мүше мемлекеттің тауар биржасында сатып алу-сату операциясы жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылатын тауар биржасына қатысты техникалық мүмкіндіктер мен газ тасымалдау талаптарын келіседі.

Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің тауар биржаларында сауда жүргізілетін газға бірыңғай техникалық стандарттар әзірлейді және қабылдайды.

## **VI. Газ тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге қатысты тариф белгілеу тетіктері**

Газ тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге қатысты тариф белгілеу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің газ саласының табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне қатысты тариф белгілеу газ тұтынушылардың, газ жеткізушілердің және тұтынушылар үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін және олардың сапасының тиісті деңгейін қамтамасыз ететін мүше мемлекеттердің табиғи монополиялары субъектілерінің мүдделер балансын сақтауға байланысты болуға тиіс.

## **VII. Инвестициялар тарту тетіктері**

Мүше мемлекеттер өз аумағында бірлескен жобаларды іске асыруды қоса алғанда, газ саласында инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Мүше мемлекеттер бірлесіп олар үшін ортақ мүддені білдіретін, оның ішінде газ жеткізушілер мен газ тұтынушылардың ұзақ мерзімді өтінімдерінің негізінде мемлекетаралық магистральдық газ құбырлары мен олармен өзара технологиялық байланысты объектілердің қуаттарын дамытуды қамтамасыз ететін жобаларды айқындайды және жүзеге асырады. Аумақтарында мұндай жобалар жүзеге асырылатын мүше мемлекеттер оларды іске асыруға қажет тұрақты қолдауды қамтамасыз етеді.

## **VIII. Техникалық реттеу**

Мүше мемлекеттерде Шарттың X бөліміне сәйкес газ саласының жұмыс істеуіне байланысты техникалық нормалар мен стандарттарды біріздендіру қамтамасыз етіледі.

## **XI. Одақтың ортақ газ нарығын мониторингтеу және ақпараттық қамтамасыз ету**

Одақтың ортақ газ нарығының жұмыс істеуін мониторингтеу және ақпараттық қамтамасыз ету Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (Шартқа № 3 қосымша) 3-тармағына сәйкес құрылған Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің шеңберінде іске асырылады.

Мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелерінің операторлары мен биржа саудасы операторларының арасында технологиялық ақпарат алмасу Одақтың ортақ газ нарығына үздіксіз газ тасымалдау және жеткізуді қамтамасыз етуге қажетті көлемде жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелері операторларының ақпарат ашықтығын арттыру мен ашу жөніндегі келісілген шараларды өткізеді.

## **X. Одақтың ортақ газ нарығын реттеу**

Одақтың ортақ газ нарығын реттеу халықаралық шарттарға және Одақ құқығын құрайтын актілерге және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және:

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуді;

монополияға қарсы реттеуді;

кедендік-тарифтік реттеуді;

газбен биржа саудасын реттеуді қамтиды.

Одақтың ортақ газ нарығын реттеу органдары:

Одақтың органдары;

газ тасымалдау және жеткізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру мен реттеуді жүзеге асыруға уәкілетті мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары;

мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының, Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылардың және Одақтың ортақ газ нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін қалыптастырылуы мүмкін Одақтың ортақ газ нарығының органдары (мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары басшыларының кеңесі, жұмыс топтары, арнайы комиссиялар) болып табылады.

Мүше мемлекеттер Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру мен жұмыс істеу мақсатында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Газ тасымалдау және жеткізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру мен реттеуді жүзеге асыруға уәкілетті мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері мен Одақтың ортақ газ нарығын реттейтін Одақ органдарының актілерін әзірлеу;

Одақтың газ индикативтік (болжамдық) баланстарын әзірлеу;

Одақтың ортақ газ нарығын реттейтін актілерге сәйкес мүше мемлекеттердің аумақтарында газ тасымалдау және жеткізу саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру;

Одақтың ортақ газ нарығының жұмыс істеу мониторингінің деректерін талдау;

мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай қағидаларын қолдану.

Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру шеңберінде жұмысты үйлестіру мақсатында инфрақұрылымдық ұйымдар өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан газ тасымалы жүйелері операторларының өзара іс-қимылы мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Одақтың ортақ газ нарығында үздіксіз газ тасымалдау және жеткізуге қажетті технологиялық ақпаратпен ақпараттық алмасу;

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасында газбен өзара сауда кезінде пайдаланылатын мемлекетаралық магистральдық газ құбырларының өткізу қабілеті мен жұмыс сенімділігіне әсер ететін газ тасымалы жүйелерінің элементтерін жөндеу кестелерін келісу;

Одақтың ортақ газ нарығына қатысушылар арасында газбен өзара саудаға әсер ететін газ тасымалы жүйелерін дамыту жоспарлары туралы өзара ақпараттандыру.

## **XI. Одақтың ортақ газ нарығын реттейтін актілер**

Одақтың ортақ газ нарығын реттейтін актілер жүйесін:

Шарт;

Шарттың 83-бабының 3-тармағына және 104-бабының 5-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер Одақ шеңберінде жасасқан Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт;

Шарттың 83-бабының 2-тармағында және 104-бабының 4-тармағында көзделген және Одақтың ортақ газ нарығы субъектілерінің қызметін реттейтін Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасына сәйкес әзірленген Одақ органдарының актілері ;

мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері құрайды.

Одақтың ортақ газ нарығын реттейтін актілердің тізбесі, оларды әзірлеу кезектілігі мен мерзімдері Шартта, осы Тұжырымдаманың VI бөлімінде және оның негізінде әзірленген Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасында айқындалады.

